ного фонда государственных учреждений по охране лесов и животного мира Жалагашского и Сырдарьинского районов Кызылординской области. Целью исследования является проведение мониторинга саксауловых лесов Кызылординской области с применением цифровых технологий. В целом Кызылординская область относится к числу наиболее засушливых регионов Казахстана. Под воздействием природных и антропогенных факторов, таких как изменение климата, сокращение лесных насаждений и интенсивный выпас скота, саксауловые леса региона находятся под угрозой сокращения. Дефицит водных ресурсов и процессы почвенной эрозии усугубляют ситуацию, что приводит к уменьшению площади лесных насаждений и ухудшению их состояния. Традиционные методы наземного мониторинга имеют ограниченную эффективность в связи с обширностью территорий и труднодоступностью многих участков. В этой связи применение цифровых технологий позволяет существенно повысить точность и эффективность мониторинговых наблюдений. Сравнительный анализ, представленный в виде графиков и таблиц, показывает, что состояние саксауловых лесов изменяется под влиянием климатической засухи, ветровой эрозии, деградации почв, пастбищной нагрузки, экономического давления и техногенных факторов. Установлено, что в ряде районов наблюдается разрежение насаждений и снижение восстановительных процессов, тогда как в других территориях сохраняется относительная стабильность либо отмечаются положительные тенденции. Полученные результаты имеют практическое значение для разработки научно обоснованных мер по сохранению, восстановлению и повышению устойчивости саксауловых экосистем в условиях усиливающегося аридного климата.

Ключевые слова: пустынные леса, черный саксаул, лесной фонд, климатическая засуха, экосистема, сравнительный анализ, деградация почв

Для цитирования: Өмірзақ Н.Ш., Утебекова А.Д., Майсупова Б.Д., Казангапова Н.Б., Ли Киань (2026). Мониторинг текущего состояния саксауловых лесов на территории лесного фонда Жалагашского и Сырдарьинского районов Кызылординской области // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 5. Number 113. Pp. 187–202. https://doi.org/10.37884/5-2026/16 [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарының экожүйесінде сексеуіл (*Haloxylon*) ерекше орын алады. Бұл өсімдік табиғи ортада құм көшкінін тоқтатуда, топырақ эрозиясының алдын алуда, атмосфералық ылғалды реттеуде және биологиялық әртүрлілікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Ғылыми деректерге сәйкес, сексеуілдің тамыр жүйесі 10–12 метр тереңдікке дейін жетеді, бұл оған жер асты ылғалын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді және шөлді ортаға жоғары деңгейде бейімделуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар оның физиологиялық ерекшеліктері – құрғақшылыққа төзімділігі, жоғары температураға бейімделуі және тұзды топырақтарда өсу қабілеті – бұл өсімдікті аридті аймақтардың негізгі орман түзуші түрлерінің бірі ретінде сипаттайды. Қызылорда облысы аумағында қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum*) мен ақ сексеуіл (*Haloxylon persicum*) кең таралған, олардың негізгі қоры республиканың Түркістан, Жамбыл және Жетісу облыстарында шоғырланған.

Сексеуіл ормандары тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық маңызы жоғары табиғи ресурс болып табылады. Олар ауыл шаруашылығы жерлерін құм басудан қорғап, жайылымдық алқаптардың өнімділігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ микроклимат қалыптастыру арқылы шөлейт аумақтардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тарихи тұрғыдан сексеуіл жергілікті халық үшін маңызды отын көзі ретінде пайдаланылып келген. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінде, ақын-жыраулар шығармаларында сексеуіл қазақ даласының қайсарлығы мен табиғатқа бейімделгіштігінің символы ретінде көрініс табады. Мысалы, «сексеуілдің дауылға бүгілмес мықтылығы» арқылы елдің рухани беріктігі мен төзімділігі бейнеленеді. Бұл сексеуілдің табиғи экожүйедегі ғана емес, ұлттық дүниетанымдағы орнының да ерекше екенін көрсетеді [Salmukhanbetova және т.б., 2021: 128–157; Akhmetov және т.б., 2023: 380–388; Shamsutdinova, 2019: 34–38].

Қазіргі таңда орман ресурстарының жағдайын бағалау мен мониторинг жүргізуде геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), қашықтан зондтау деректері (ҚЗ), ғарыштық суреттер және ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар) арқылы алынатын мәліметтер кеңінен қолданылуда. Бұл заманауи цифрлық технологиялар кең аумақтарды қысқа мерзімде, жоғары дәлдікпен және салыстырмалы түрде төмен шығынмен зерттеуге мүмкіндік береді. Әсіресе Қызылорда облысы сияқты шөлейтті аймақтарда аумақтың кеңдігі мен қолжетімсіздігіне байланысты дәстүрлі далалық әдістердің шектеулілігі байқалады. Осыған байла-

нысты қашықтан зондтау әдістерін қолдану орман алқаптарының таралуын, биомассасын, деградация деңгейін және олардың уақыт бойынша өзгеру динамикасын анықтауда тиімді құрал болып табылады.

Сексеуіл ормандары Қазақстанның шөлейтті аймақтарында ерекше экологиялық қызмет атқаратын орман формацияларының бірі ретінде қарастырылады. Олар топырақты бекіту, жел эрозиясын тежеу, көмірқышқыл газын сіңіру арқылы климатты реттеу және көптеген өсімдіктер пен жануарлар түрлерінің тіршілік ортасын сақтау сияқты маңызды функцияларды орындайды. Қызылорда облысы аумағы сексеуілдің табиғи таралу аймағына кіріп, республика бойынша орман қорының едәуір бөлігін қамтиды. Алайда соңғы онжылдықтарда климаттың құрғақтануы, антропогендік қысымның артуы, заңсыз ағаш кесу, мал жайылымының реттелмеуі және гидрологиялық режимнің өзгеруі нәтижесінде сексеуіл ормандарының деградациясы күшейіп отыр. Бұл жағдай олардың экологиялық тұрақтылығына теріс әсер етіп, табиғи жаңару процестерінің баяулауына алып келуде.

Осыған орай сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайын кешенді түрде бағалау, олардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ тұрақты мониторинг жүйесін қалыптастыру ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Мұндай зерттеулер орман ресурстарын тиімді басқару, деградацияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру және экожүйелік қызметтерді сақтау бағытында ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді [Өмірзақ және т.б., 2025: 92–102; Zonn, Kostianoy, 2014].

Зерттеу жұмысының мақсаты – Жалағаш пен Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің аумағындағы сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайына кешенді бақылау жүргізу және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыда талдау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- орман қорының жалпы көлемі мен құрылымын салыстырмалы талдау;
- сексеуіл алқаптарының жас құрамын және жамылғы ерекшеліктерін бағалау;
- деградация белгілерін анықтап, оларды төмендету бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

2022 жылғы ресми орман орналастыру материалдары мен 2025 жылғы далалық зерттеулер нәтижелерін салыстыру арқылы Жалағаш және Сырдария (Тереңөзек) аудандарының орман көлемі, жамылғысы мен жалпы жағдайы арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Бұл айырмашылықтар, бір жағынан, уақыт өте келе табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен орман көрсеткіштерінің өзгеруімен, екінші жағынан, таксациялық деректердің жаңартылу қажеттілігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты зерттеу барысында далалық бақылаулар мен ресми орман орналастыру деректерін өзара ұштастыру арқылы алынған нәтижелердің сенімділігі арттырылды [Өмірзақ және т.б., 2025: 92–102; Kusainova және т.б., 2023; Bissenbayeva және т.б., 2024: 135–149].

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмыстарын орындау барысында орман экожүйелерінің қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін кешенді далалық және қашықтан зондтау әдістері қолданылды. Қолданылған тәсілдер өзара интеграцияланып, алынған нәтижелердің дәлдігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен қатар зерттеу барысында орман жамылғысының кеңістіктік және уақыттық өзгерістерін кешенді талдауға ерекше назар аударылды.

Фитоценоздық әдіс аясында зерттеу аумақтарында стандартты далалық маршруттар мен тұрақты үлгілік алаңдар негізінде бақылаулар жүргізілді. Үлгілік алаңдардың ауданы зерттеу мақсатына сәйкес 0,05–0,1 га аралығында белгіленді. Әрбір алаңда ағаш және бұта өсімдіктерінің түрлік құрамы, дарақ саны, жасы, биіктігі, сондай-ақ дің диаметрі (d1.3) анықталды. Сондай ақ өсімдіктердің жалпы физиологиялық жағдайы бағаланып, өсу қарқыны, табиғи жаңару деңгейі (жас өскіндердің саны мен сапасы), сиреу дәрежесі және антропогендік әсер белгілері (мал жайылымы, механикалық зақымдану, отынға кесу, сондай ақ қурау процестері тіркелді. Әрбір үлгілік алаңда өсімдік жамылғысының тығыздығы (дана/га) мен жамылғы дәрежесі (%) есептеліп, геоботаникалық сипаттамалар жасалды. Жиналған деректер статистикалық өңдеуден өткізіліп, орташа мәндер, вариациялық қатарлар және ауытқу көрсеткіштері құрылды. Бұл әдіс орман жамылғысының құрылымын, ярустық ұйымдасуын және сексеуіл екпелерінің тұрақтылық деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Картографиялық талдау зерттеу аумағының кеңістіктік ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Осы мақсатта орман орналастыру материалдары, топографиялық және тақырыптық карталар пайдаланылды. Геоақпараттық жүйелер құралдарын қолдану арқылы орман алқаптарының орналасуы, шекаралары, аудандары және ландшафтық құрылымы анықталды. Әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі картогра-

фиялық деректерді салыстыру нәтижесінде орман жамылғысының өзгеру динамикасы, деградацияға ұшыраған аумақтар және қалпына келу процестері бағаланды. Сонымен қатар табиғи-географиялық факторлар мен орман жамылғысының өзара байланысы анықталды [Shamsutdinova, Shamsutdinov, 2022; Tureniyazova, Berdimbetov, 2024].

Қашықтан зондтау әдістері зерттеу нәтижелерін толықтыру және нақтылау мақсатында қолданылды. Өсімдік жамылғысының жағдайын бағалау үшін NDVI (Normalized Difference Vegetation Index) индексі пайдаланылды, ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$NDVI = \frac{NIR + RED}{NIR - RED}$$

мұндағы NIR – жақын инфрақызыл диапазондағы шағылысу, ал RED – қызыл спектрдегі шағылысу мәндері. NDVI индексі негізінде өсімдік жамылғысының биомассасы, фотосинтетикалық белсенділігі, вегетациялық кезеңдегі динамикасы және деградация деңгейі анықталды. Индекс мәндері бойынша өсімдік жамылғысының жағдайы жіктелді: 0–0,2 аралығы деградацияланған немесе сирек жамылғыны, 0,2–0,4 аралығы әлсіз дамыған өсімдіктерді, ал 0,4-тен жоғары мәндер жақсы дамыған өсімдік жамылғысын сипаттайды. Көпуақыттық ғарыштық суреттерді талдау арқылы маусымдық және жылдық өзгерістер салыстырылып, өсімдіктердің күйзеліс аймақтары анықталды. Қашықтан зондтау деректері далалық бақылау нәтижелерімен салыстырылып (ground-truthing), алынған ақпараттың нақтылығы тексерілді. Бұл тәсіл нәтижелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді [Bissenbayeva және т.б., 2024: 135–149; Yang және т.б., 2025; Jiang және т.б., 2019: 669–683].

Жалпы алғанда, қолданылған әдістер орман экожүйелерінің қазіргі жағдайын сандық және сапалық тұрғыдан кешенді бағалауға, олардың өзгеру динамикасын анықтауға және болашақтағы мониторинг жұмыстарын ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында далалық, картографиялық және қашықтан зондтау деректері кешенді түрде пайдаланылды. Далалық материалдар тұрақты сынақ алаңдарда жүргізілген геоботаникалық бақылаулар нәтижесінде жиналып, ағаш-бұта өсімдіктерінің морфометриялық көрсеткіштерін, өсімдік жамылғысының тығыздығы мен жамылдылығы дәрежесін, сондай-ақ табиғи жаңару және антропогендік әсерлер туралы мәліметтерді қамтыды.

Картографиялық материалдар ретінде орман орналастыру құжаттары, топографиялық карталар, жер пайдалану схемалары және тақырыптық карталар қолданылды. Бұл деректер зерттеу аумағының кеңістіктік құрылымын, табиғи-географиялық жағдайларын және орман жамылғысының таралу ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік берді.

Қашықтан зондтау материалдары ретінде көпмерзімді ғарыштық суреттер және олардың спектрлік арналарынан алынған деректер пайдаланылды. Атап айтқанда, NDVI индексін есептеу үшін жақын инфрақызыл (NIR) және қызыл (RED) диапазондардағы шағылу мәндері қолданылды. Аталған материалдар өсімдік жамылғысының жағдайын бағалауда, оның кеңістіктік таралуын анықтауда және деградация деңгейін сипаттауда негізгі дереккөз ретінде қызмет атқарды.

Нәтижелер мен талқылаулар.

Зерттеу жұмыстары 2025 жылдың жаз айларында жүргізілді. Негізгі нысан ретінде Қызылорда облысының Жалағаш және Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің орман қоры аумақтары алынды. Зерттеу аумақтары табиғи-климаттық жағдайлары, топырақ жамылғысы және өсімдік жамылғысының ерекшеліктері бойынша бір-бірінен ерекшелетін шөл және шөлейт белдеулерді қамтиды.

Далалық жұмыстар 2025 жылғы жаз айлары аралығында жүргізіліп, осы кезеңде өсімдіктердің вегетациялық белсенділігі, физиологиялық жағдайы және жамылғы тығыздығы бағаланды. Зерттеу барысында әртүрлі орманшылықтарда орналасқан үлгілік алаңдар таңдалып, оларда сексеуіл екпелерінің құрылымы, жастық құрамы, тығыздығы және табиғи жаңару деңгейі анықталды. Сонымен қатар деградация белгілері, атап айтқанда қурау, сиреу, механикалық зақымдану және антропогендік әсерлер (мал жайылымы, шаруашылық қызмет) тіркелді.

Зерттеу нысандарының таңдалуы олардың аймақтық орман ресурстарын сипаттаудағы репрезентативтілігімен негізделді. Жалағаш ауданы аумағында негізінен қуаң және құмды-батпақты топырақтарда орналасқан сирек жамылғылы сексеуіл алқаптары басым болса, Сырдария ауданында өзен аңғарына жақын орналасқан салыстырмалы түрде тұрақты және тығыз өсімдік жамылғысы бар

учаскелер кездеседі. Бұл айырмашылықтар зерттеу барысында сексеуіл ормандарының экологиялық жағдайын салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Далалық зерттеулер қашықтан зондтау деректерімен толықтырылып, алынған нәтижелер кеңістіктік және уақыттық тұрғыдан талданды. Бұл тәсіл зерттеу аумақтарындағы орман жамылғысының қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға және оның өзгеру динамикасын анықтауға мүмкіндік берді.



(а)



(б)

Сур. 1. Қызылорда облысының орман қоры аумақтарын орман жамылғысы бойынша (а) және орманшылық (б) аудандастыру карта-схемасы

[Fig. 1. Schematic maps of the forest fund areas of Kyzylorda Region classified by forest cover (a) and forest management districts (b)]

Зерттеу нәтижелері ресми орман орналастыру деректерімен салыстырылды. 2022 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шоғырландырылған орман орналастыру жобасы» материалдары бойынша Жалағаш орманшылығы аумағында сексеуіл ормандары 348,5 мың га жерді алып жатыр, оның ішінде орманмен жабылған сексеуіл алқаптары – 114,2 мың га (33 %). Сырдария (Тереңөзек) орманшылығында сексеуілдің жалпы қоры 236,6 мың га, соның ішінде орманмен жабылғаны – 92,4 мың га (39 %). Таксациялық кестелерде Жалағаштағы сексеуілдің орташа жасы 20–25 жыл, жамылғы тығыздығы 260–280 түп/га, ал Сырдарияда орташа жас 18–22 жыл, жамылғы тығыздығы 250–270 түп/га деңгейінде көрсетілген (кесте 1).

2025 жылғы далалық зерттеу бұл көрсеткіштердің сәл өзгергенін анықтады: Жалағаштағы сексеуілдің орташа жасы 25–35 жылға жетіп, жамылғы тығыздығы 220–260 түп/га дейін төмендеген, жас өскіндер сирек кездеседі. Сырдария орманшылығында орташа жас 20–30 жылға ұлғайып, құраған ағаш үлесі көбейгенімен, жамылғы тығыздығы салыстырмалы түрде сақталған (240–280 түп/га).

Аталған айырмашылықтар сексеуіл ормандарының құрылымдық және функционалдық өзгерістерге ұшырап отырғанын көрсетеді. Ең алдымен, жамылғы тығыздығының төмендеуі мен жас өскіндердің сирек кездесуі орманның табиғи жаңару қарқынының әлсірегенін дәлелдейді. Бұл құбылыс, әсіресе, Жалағаш орманшылығы аумағында айқын байқалады, мұнда сексеуілдің жас құрылымы қартаю жағына ығысқан. Мұндай тенденция ұзақ мерзімді перспективада орманның деградациясына және оның экожүйелік қызметтерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сырдария (Тереңөзек) орманшылығында жағдай салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, құраған ағаштардың үлесінің артуы экожүйенің әлсіреуінің бастапқы белгілерін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, климаттық факторлардың (қуаңшылық, температураның жоғарылауы), сондай-ақ топырақтың тұздану деңгейінің артуымен байланысты болуы ықтимал. Сонымен қатар, құраған ағаштардың жиналуы өрт қаупін арттырып, орманның табиғи тұрақтылығына қосымша қауіп төндіреді.

Таксациялық көрсеткіштер мен далалық зерттеу нәтижелерінің арасындағы айырмашылықтар орман орналастыру материалдарының белгілі бір деңгейде ескіргенін де аңғартады. Бұл жағдай тұрақты мониторинг жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, қашықтан зондтау деректерін (спутниктік суреттер, дрондық түсірілімдер) пайдалану арқылы орман жамылғысының өзгерістерін жедел әрі дәл бақылау мүмкіндігі артады.

Зерттеу нәтижелері сексеуіл ормандарының кеңістіктік құрылымында да өзгерістер бар екенін көрсетті. Кейбір учаскелерде орман жамылғысы фрагментацияға ұшырап, біртұтас алқаптар ұсақ бөліктерге бөлінген. Мұндай өзгерістер жел эрозиясының күшеюіне, құм көшу процестерінің белсенуіне және жалпы экожүйелік тұрақтылықтың төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, фрагментация биоалуантүрлілікке де кері әсерін тигізіп, көптеген түрлердің тіршілік ету ортасының тарылуына себеп болады.

Жас ерекшелік құрылымын талдау сексеуіл популяциясының жаңару әлеуетінің төмен екенін көрсетті. Әсіресе, жас және орта жастағы ағаштардың үлесінің азаюы болашақта орманның табиғи жолмен қалпына келу мүмкіндігін шектейді. Бұл жағдай орман шаруашылығында жасанды қалпына келтіру шараларын күшейту қажеттігін көрсетеді. Алайда, мұндай шараларды жүзеге асыру кезінде жергілікті табиғи-климаттық жағдайларды, топырақ ерекшеліктерін және ылғал режимін ескеру маңызды.

Сонымен қатар антропогендік факторлардың әсері де айтарлықтай. Мал жаюдың шамадан тыс жүктемесі жас өскіндердің тапталуына және олардың тіршілікке бейімділігінің төмендеуіне әкеледі. Кейбір учаскелерде заңсыз кесу фактілері де тіркелген, бұл орманның тығыздығына және құрылымына тікелей әсер етеді. Сондықтан орман қорын тиімді басқару үшін қорғау шараларын күшейту, жергілікті халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жайылымдық жүктемені реттеу қажет.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Жалағаш және Сырдария орманшылықтарындағы сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайы салыстырмалы түрде тұрақсыз екенін көрсетеді. Сандық көрсеткіштердің белгілі бір деңгейде сақталғанына қарамастан, сапалық өзгерістер (қартаю, сиреу, табиғи жаңарудың әлсіреуі) орман экожүйелерінің ұзақ мерзімді тұрақтылығына қауіп төндіреді. Осыған байланысты сексеуіл ормандарын сақтау және қалпына келтіру бойынша кешенді, ғылыми негізделген шараларды әзірлеу және енгізу өзекті болып табылады.

Карта-схемалар талдауы Жалағаштағы сексеуіл ормандарының мал жайылымы мен құмды-батпақты топырақ әсерінен тозғанын, ал Сырдарияда қуаңшылық пен құраудың жиілегенін көрсетті. Бұл деректер сексеуіл ормандарының табиғи жаңару әлеуетінің төмендігін және антропогендік қысымның

әлі де күшті екенін дәлелдейді.

Кесте 1. Жалағаш, Қосарық және Тереңөзек орманшылықтары бойынша сексеуіл алқаптарының қазіргі жай-күйі (2025 ж.)

Орманшылық атауы	Жалпы орман қоры, мың га	Оның ішінде: орманмен көмкерілген алқаптары, мың га	Алқа ағаштардың орташа жасы, жыл	Жамылғы тығыздығы, түп/га
Жалағаш орманшылығы	348,5	26,0	20-25	260-280
Қосарық орманшылығы	421,0	229,1	25-35	270-290
Тереңөзек орманшылығы	236,6	160,1	18-22	250-270
Жиынтығы:	1006,1	415,2	18-25	250-280

Жалағаш орманшылығы аумағында жүргізілген кеңістіктік талдау нәтижелері сексеуіл алқаптарының біркелкі таралмай, едәуір дәрежеде фрагментацияға ұшырағанын көрсетті. Әсіресе мал жайылымы қарқынды пайдаланылатын учаскелерде топырақтың беткі қабатының тығыздалуы, өсімдік жамылғысының сиреуі және жас өскіндердің толық дерлік жойылуы байқалады. Құмды және батпақты топырақтарда су-тұз режимінің тұрақсыздығы сексеуілдің тамыр жүйесінің қалыпты дамуына кедергі келтіріп, өсімдіктің өсу қарқынын төмендетеді. Нәтижесінде мұндай аумақтарда сирек жамылғылы, өнімділігі төмен, деградацияға ұшыраған орман учаскелері басым келеді. Сонымен қатар кейбір жерлерде дефляциялық процестердің (жел эрозиясы) күшеюі құм көшкіндерінің пайда болуына және орман жамылғысының толық жойылуына алып келуде.

Сырдария орманшылығында анықталған негізгі мәселе – климаттық факторлардың әсерінен туындаған деградациялық процестер. Соңғы жылдары байқалған жауын-шашын мөлшерінің азаюы мен ауа температурасының жоғарылауы топырақ ылғалдылығының күрт төмендеуіне әкеліп, сексеуіл ағаштарының физиологиялық күйіне кері әсер етуде. Карта-схемаларда қураған ағаштар мен сирек жамылғы учаскелерінің үлесінің артуы анық байқалады. Бұл әсіресе өзеннен алшақ орналасқан, су көздеріне қолжетімділігі төмен аумақтарда айқын көрінеді. Сонымен қатар, топырақтың тұздану деңгейінің артуы да сексеуілдің өсуіне қолайсыз жағдай туғызады, нәтижесінде ағаштардың тіршілік ұзақтығы қысқарып, құрау жиілігі артады.

Кеңістіктік деректерді салыстырмалы талдау сексеуіл ормандарының деградациясы бір ғана фактормен емес, табиғи және антропогендік факторлардың кешенді әсерімен байланысты екенін көрсетеді. Жалағашта антропогендік қысым (мал жайылымы, жер пайдалану) басым болса, Сырдарияда табиғи-климаттық факторлар жетекші рөл атқарады. Алайда екі жағдайда да ортақ мәселе – табиғи жаңару процесінің әлсіздігі. Жас өскіндердің сирек кездесуі, тұқымнан көбеюдің төмендігі және қолайлы микроклиматтық жағдайлардың жетіспеуі сексеуіл ормандарының өздігінен қалпына келу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты зерттеу нәтижелері сексеуіл ормандарын басқаруда аумақтық ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Жалағаш орманшылығында жайылымдық жүктемені реттеу, қорғалатын учаскелерді белгілеу және топырақтың физикалық қасиеттерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды енгізу қажет. Ал Сырдария аумағында ылғал сақтау технологияларын қолдану, құрғақшылыққа төзімді формаларды пайдалану және жасанды орман қалпына келтіру жұмыстарын күшейту маңызды.

NDVI мәндерінің маусымдық айырмашылықтары сексеуіл жамылғысының фотосинтетикалық белсенділігінің өзгеруін көрсетеді. Көктемгі кезеңде NDVI жоғарырақ мәндерге ие болса, жазғы кезеңде ылғал тапшылығы мен жоғары температура әсерінен көрсеткіштердің төмендеуі байқалады [Yang және т.б., 2025; Jiang және т.б., 2019: 669–683; Li және т.б., 2010: 515–521].

2025 жылғы NDVI карталарына (көктем – мамыр, жаз – тамыз) талдау нәтижесінде Жалағаш ауданы аумағында вегетациялық жамылғының деңгейі негізінен төмен және орташа екені анықталды. Көктемгі кезеңде NDVI мәндері басым түрде 0,0–0,2 және 0,2–0,4 аралығында шоғырланған. Бұл көрсеткіштер аудан аумағының көп бөлігінде шөлейт және жартылай шөлейт ландшафттардың басым екенін, табиғи өсімдік жамылғысының сирек таралғанын көрсетеді. Жазғы кезеңде (тамыз) Жалағаш ауданында NDVI мәндерінің аздап жоғарылауы байқалады, алайда жоғары вегетациялық индексі бар

учаскелер (0,4–0,6 және >0,6) тек Сырдария өзеніне жақын орналасқан суармалы егістік жерлерде және тоғайлы алқаптарда ғана көрініс тапқан. Ауданның негізгі бөлігінде өсімдіктердің ылғал тапшылығына байланысты күйзеліс жағдайында болуы NDVI-дің төмен мәндерімен сипатталады.



(а)



(б)

Сур. 2. 2025 жылдың көктемгі мамыр айы (а) және жазғы тамыз (б) айларындағы NDVI көрсеткіштерінің салыстырмалы нәтижелері

[Fig. 2. Comparative results of NDVI values during the spring (May) (a) and summer (August) (b) of 2025]

Сырдария ауданы аумағында NDVI көрсеткіштері Жалағаш ауданымен салыстырғанда едәуір жоғары және тұрақты екені байқалады. Көктем мезгілінде ауданның едәуір бөлігінде NDVI мәндері

0,2–0,4 және 0,4–0,6 диапазонында қалыптасқан, бұл егістік алқаптардың, шабындықтардың және өзен аңғарындағы тоғайлы өсімдіктердің жақсы дамығанын көрсетеді. Жазғы кезеңде Сырдария ауданында жоғары NDVI мәндері (>0,6) бар аумақтардың үлесі арта түседі. Әсіресе, Сырдария өзенінің бойында және суармалы жерлерде өсімдік жамылғысының белсенді фотосинтез үдерісі байқалады. Бұл ауданның су ресурстарына жақындығы мен ирригациялық жүйелердің дамығандығын көрсетеді.

Екі ауданның NDVI көрсеткіштерін салыстырмалы талдау нәтижесінде Сырдария ауданының вегетациялық жағдайы Жалағаш ауданына қарағанда анағұрлым қолайлы екені анықталды. Жалағаш ауданында төмен NDVI мәндері басым болып, өсімдік жамылғысы көбінесе шашыраңқы және әлсіз дамыған сипатқа ие. Ал Сырдария ауданында орташа және жоғары NDVI көрсеткіштері кең таралған, бұл антропогендік суару жүйелерінің тиімділігін және табиғи гидрологиялық жағдайдың қолайлылығын көрсетеді. Сонымен қатар жаз мезгілінде NDVI көрсеткіштерінің артуы екі ауданға да тән болғанымен, Сырдария ауданында бұл өсім анағұрлым айқын байқалады. Жалағаш ауданында өсімдік жамылғысының маусымдық өзгерісі шектеулі болып, климаттық құрғақшылық факторлары басым әсер етеді.



Сур. 3. NDVI индексінің 2025 жығы орташа айлық өзгерісі
[Fig. 3. Monthly variation in the mean NDVI values in 2025]

Көрсеткіштердің көктем–жаз айларында жоғарылап, күз-қыс кезеңінде төмендеуі сексеуіл ормандарының маусымдық даму заңдылықтарына сәйкес келеді. Бұл деректер сексеуіл жамылғысының физиологиялық белсенді кезеңдерін нақты анықтауға мүмкіндік берді.

Далалық зерттеу нәтижелері бойынша Жалағаш және Сырдария аумақтарындағы сексеуіл ормандарының жастық құрылымы біркелкі еместігі анықталды. Көптеген учаскелерде орта жастағы ағаштар басым, жас өскіндер сирек, бұл табиғи жаңару процесінің баяулығын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері 2022 жылғы «Қазақ орман орналастыру» кәсіпорны жүргізген жұмыс материалдарымен салыстырылып, орман жамылғысының көлемі, құрылымы және орманмен жабылған аумақтың динамикасы талданды. Бұл әдіс далалық деректердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман қоры көлемі – 769 мың гектар, оның ішінде Жалағаш орманшылығы – 348 мың гектар, Қосарық орманшылығында – 420 мың гектар.

Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман қоры көлемі – 236 мың гектар, оның ішінде жалғыз Тереңөзек орманшылығы тиісінше 236 мың гектарды құрайды [Salmukhanbetova және т.б., 2021: 128–157; Akhmetov және т.б., 2023: 380–388; Shamsutdinov және т.б., 2018: 475–483].

Жалағаш аумағында салыстырмалы түрде сақталған орман алқаптары бар, бірақ қуаңшылықтың әсерінен құрау жиілеген және құмды-батпақты топырақ пен шамадан тыс мал жайылымының әсерінен орман жамылғысы сиреген учаскелер жиі кездеседі.

Сырдария ауданының аумағында салыстырмалы түрде тығыз сексеуіл өскіндері сақталғандығы байқалды.

Кесте 2. Жалағаш және Сырдария аудандарының орман қорларының салыстырмалы көрсеткіштері (2022–2025 жж.)

Көрсеткіш	Орман орналастыру дерекқөзі (2022)	Далалық зерттеу (2025)	Ескерту
Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі			
Жалағаш ауд. жалпы қоры, га	348 500	348 000	Сәйкес келеді
Орманмен көмкерілгені, га	114 200	нақтыланбаған	Үлес – 33 %
Орташа жасы, жыл	20–25	25–35	Жаңару баяу
Тығыздығы, түп/га	260–280	220–260	Сиреу байқалады
Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі			
Сырдария ауд. жалпы қоры, га	236 600	236 600	Сәйкес келеді
Орманмен көмкерілгені, га	160 100	нақтыланбаған	Үлес – 39 %
Орташа жасы, жыл	18–22	20–30	Құрау жиілеген
Тығыздығы, түп/га	250–270	240–280	Салыстырмалы түрде жақсы



(а) (б)

Сур. 4. Жалағаш (а) және Сырдария (б) аудандарының орман қоры учаскелері
[Fig. 4. Forest fund areas in Zhalagash (a) and Syrdarya (b) districts]

Зерттеу нәтижелері далалық бақылауларды толықтыра отырып, сексеуіл ормандарының таралу тығыздығын кең ауқымда бағалауға мүмкіндік берді. Әсіресе көзбен шолып анықтау қиын аумақтарда деградацияға ұшыраған учаскелер айқындалды, кейбір бөліктерде орман жамылғысының толық жойылғаны байқалды.

Алынған мәліметтерді бұрынғы зерттеулермен салыстыру нәтижесінде деградация үрдісінің әлі де жалғасып отырғаны анықталды. Бұл жағдай табиғи жаңару әлеуетінің жеткіліксіздігін және антропогендік қысымның сақталып отырғанын көрсетеді.

2025 жылғы 1 қаңтарға Қызылорда облысының орман қорының жалпы ауданы 7541,8 мың гектарды құрап отыр, оның ішінде орманмен қамтылған жерлердің көлемі 3882,6 мың гектарға жетті. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарауындағы «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы 163,1 мың гектар аумақты алып жатыр. Сонымен қатар, облыс әкімдігіне қарасты сегіз мемлекеттік орман шаруашылығы мекемесінің жалпы орман қоры 7378,6 мың гектарды құрайды. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің қарауындағы «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясына тиесілі қорғаныш екпелері 0,1 мың гектар аумақта орналасқан.

2022 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта облыстың орман қоры жерлерінде елеулі өзгерістер байқалды. Атап айтқанда, орманмен қамтылған жерлердің ауданы 48,5 мың гектарға немесе 1,26 %-ға артты. Бұл өсімнің негізгі себептері: орман екпелерінің көлемі 8,8 мың гектарға ұлғаюы, сирек жабылған орман екпелерінің қайта есепке алынуы нәтижесінде 8,8 мың гектардың қосылуы, табиғи қалпына келтіру нәтижесінде 0,5 мың гектардың артуы, табиғи өсу есебінен 0,9 мың гектардың көбеюі және бұрын есепке алынбаған 39,6 мың гектар орман алқаптарының енгізілуі

болып табылады. Сонымен қатар, негізгі пайдалану үшін кесу нәтижесінде орманмен қамтылған жерлердің 1,3 мың гектарға қысқарғаны анықталды [Amirkhanov және т.б., 2025; Land desertification and its influencing factors in Kazakhstan, 2020].

Зерттеу кезеңінде орман екпелерін отырғызу және тұқым себу жұмыстары 173,9 мың гектар аумақта жүргізілді. Бұл өз кезегінде жинақталмаған орман екпелерінің көлемін 165,1 мың гектарға арттырып, жалпы ауданды 260,5 мың гектардан 425,6 мың гектарға жеткізді. Бұл көрсеткіш 63,36 %-дық өсімге тең.

Орманмен қамтылмаған жерлердің ауданы 115,3 мың гектарға немесе 6,03 %-ға ұлғайды. Оның ішінде отаулар 1,3 мың гектарға, алаңқайлар 114,5 мың гектарға көбейген, ал селеулі ормандар 0,5 мың гектарға азайған. Ормансыз жерлердің аумағы да 40,0 мың гектарға артқан. Бұл өсім негізінен жайылымдардың (32,3 мың гектар) және басқа да санаттағы жерлердің (7,6 мың гектар) ұлғаюымен байланысты.

Жалпы алғанда, 2024 жылғы есептік кезеңмен салыстырғанда облыстың орман қоры 368,8 мың гектарға немесе 5,14 %-ға өсіп, 7 173,0 мың гектардан 7 541,8 мың гектарға жетті. Мұндай өзгерістер Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қарашадағы №180 қаулысына (Арал ауданындағы 302 032 гектар бос жатқан жерлерді орман қоры құрамына енгізу) және Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №282 қаулысына (Жаңадария ауылдық округіндегі 40 000 гектар бос жатқан жерлерді қосу) сәйкес жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 9 қазандағы №831 қаулысына сәйкес орман қоры жерлерінің белгілі бір бөлігі басқа санаттарға ауыстырылды. Мәселен, «Бейнеу–Шымкент» магистральдық газ құбырын салу үшін жеке учаскелер бөлініп, сәйкесінше 8, 15 және 14 гектар жер орман қоры құрамынан шығарылды.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай отырып, Қызылорда облысындағы сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайы күрделі әрі көпфакторлы үрдістердің ықпалында қалыптасып отырғанын байқауға болады. Орманмен қамтылған аумақтардың жалпы өсімі сандық тұрғыдан оң динамиканы көрсеткенімен, бұл көрсеткіштердің сапалық құрамын тереңірек қарастыру қажет. Атап айтқанда, орман алқаптарының ұлғаюы көбіне әкімшілік-шаруашылық шешімдер есебінен, яғни бұрын есепке алынбаған немесе бос жатқан жерлерді орман қоры құрамына енгізу арқылы жүзеге асырылған. Сондықтан бұл өсім нақты биологиялық өнімділік пен орман экожүйелерінің қалпына келу деңгейін толық сипаттай алмайды.

Далалық бақылаулар мен қашықтан зондтау нәтижелері көрсеткендей, сексеуіл ормандарының бірқатар учаскелерінде деградациялық процестер әлі де басым. Әсіресе, топырақтың тұзденуы, жел эрозиясы және ылғал тапшылығы сияқты табиғи факторлар орман жамылғысының сиреуіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, антропогендік ықпал – мал жайылымының шамадан тыс жүктемесі, заңсыз кесулер және инфрақұрылымдық жобалар – сексеуіл қауымдастықтарының тұрақтылығын төмендетіп отыр. Бұл жағдай табиғи жаңару процестерінің баяу жүруіне және жас өсімдіктердің тіршілікке бейімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды мәселе – орман екпелерінің сапалық жағдайы. Жүргізілген отырғызу және тұқым себу жұмыстарының ауқымы кең болғанымен, олардың барлығы бірдей тиімді нәтиже бермейді. Көп жағдайда отырғызылған екпелердің бір бөлігі климаттық қолайсыздықтарға немесе агротехникалық талаптардың толық сақталмауына байланысты сақталмай қалады. Бұл, өз кезегінде, орманды қалпына келтіру шараларының тиімділігін төмендетеді және ұзақ мерзімді нәтижелерге кері әсер етеді.

Сонымен қатар орманмен қамтылмаған және ормансыз жерлердің ұлғаюы экожүйелік тұрақтылықтың әлсіреуін көрсететін маңызды индикатор болып табылады. Әсіресе жайылымдық жерлердің кеңеюі сексеуіл ормандарының табиғи таралу аймағын қысқартып, олардың фрагментациясына алып келеді. Мұндай үрдістер биоалуантүрліліктің төмендеуіне, топырақтың деградациясына және шөлейттену процестерінің күшеюіне себеп болады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Қызылорда облысындағы сексеуіл ормандарының дамуы қарама-қайшы сипатта екенін көрсетеді: бір жағынан, орман қорының жалпы ауданы артып отыр, ал екінші жағынан, орман экожүйелерінің сапалық жағдайы мен тұрақтылығы бірқатар қауіп-қатерлерге ұшырауда. Осыған байланысты, алдағы кезеңде орман шаруашылығын жүргізуде тек сандық көрсеткіштерге емес, орман жамылғысының сапасына, табиғи жаңару қабілетіне және экожүйелік қызметтеріне басымдық беру қажет.

Тиімді басқару үшін сексеуіл ормандарын қалпына келтірудің ғылыми негізделген тәсілдерін

енгізу, қашықтан зондтау деректерін тұрақты мониторинг жүйесіне интеграциялау, сондай-ақ антропогендік жүктемені реттеу бойынша нақты шаралар қабылдау маңызды. Сонымен қатар, жергілікті табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып, отырғызу технологияларын жетілдіру және сексеуілдің бейімделгіш формаларын пайдалану орманды қалпына келтірудің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай отырып, сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайы тек табиғи факторлардың ғана емес, сонымен қатар ұзақ уақыт бойы жинақталған антропогендік әсерлердің ықпалында қалыптасқан күрделі жүйе екені анықталды. Әсіресе, жайылымдық жүктеменің жоғары болуы, су ресурстарының тапшылығы және климаттың құрғақтану үрдісінің күшеюі сексеуіл экожүйелерінің табиғи қалпына келу мүмкіндігін айтарлықтай шектеп отыр. Бұл жағдай орман жамылғысының сиреуіне, ағаштардың физиологиялық әлсіреуіне және экожүйелік қызметтердің төмендеуіне алып келеді.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары Жалағаш пен Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің аумағындағы сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған аумақтардағы орман жамылғысы кеңістіктік тұрғыдан біркелкі таралмаған, бұл табиғи-климаттық жағдайлармен қатар, антропогендік факторлардың әсерімен де тығыз байланысты. Әсіресе, сексеуіл ормандарының табиғи жаңару деңгейінің төмендігі және жекелеген учаскелерде деградациялық үрдістердің айқын байқалуы орман экожүйелерінің тұрақтылығына қауіп төндіретін негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Далалық зерттеулер барысында алынған деректер сексеуіл ағаштарының жас құрылымының бұзылғанын, жас өскіндердің саны жеткіліксіз екенін және олардың тіршілікке қабілеттілігі төмен екенін көрсетті. Бұл жағдай топырақтың тұзденуы, ылғал тапшылығы, сондай-ақ мал жайылымының шамадан тыс жүктемесімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, кейбір аумақтарда заңсыз ағаш кесу фактілері мен отын ретінде пайдалану жағдайлары да тіркелген, бұл өз кезегінде орман жамылғысының сиреуіне және экожүйелік қызметтердің әлсіреуіне әкеліп отыр. Жұмыс барысында алынған мәліметтер көрсеткендей, сексеуіл ормандарының кеңістіктік құрылымы мен өнімділігі аймақтың гидрологиялық және топырақтық жағдайларына тікелей тәуелді. Сырдария өзеніне жақын орналасқан аумақтарда өсімдік жамылғысының салыстырмалы түрде жақсы сақталуы су ресурстарының қолжетімділігімен түсіндіріледі. Ал Жалағаш ауданының қуаң аймақтарында өсімдіктердің сирек орналасуы мен төмен биомассасы климаттық факторлардың шектеуші рөлін айқындайды. Бұл айырмашылықтар сексеуіл ормандарын басқаруда аумақтық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу барысында қашықтықтан зондтау деректерін пайдалану сексеуіл ормандарының қазіргі жағдайын бағалауда тиімді құрал екені дәлелденді. Ғарыштық суреттер негізінде орман алқаптарының динамикасын, олардың деградацияға ұшырау деңгейін және қалпына келу әлеуетін анықтауға мүмкіндік бар. Дегенмен, қашықтықтан алынған мәліметтерді далалық зерттеулермен ұштастыру қажеттілігі ерекше атап өтіледі, себебі тек кешенді тәсіл ғана орман экожүйелерінің нақты жағдайын толық сипаттай алады. Алдағы уақытта Қызылорда облысы аумағындағы сексеуіл ормандарының жағдайын тұрақты мониторингтеу үшін далалық зерттеулер мен қашықтықтан зондтау әдістерін интеграциялау ұсынылады. Бұл бағытта геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) кеңінен қолдану, көпжылдық спутниктік деректерді талдау және оларды жергілікті бақылау нәтижелерімен салыстыру маңызды. Осындай тәсілдер орман жамылғысының өзгерістерін уақытылы анықтауға және басқару шешімдерін ғылыми негізде қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану орман ресурстарын бағалауда жаңа мүмкіндіктер ашатыны дәлелденді. NDVI сияқты вегетациялық индекстердің көмегімен өсімдік жамылғысының жағдайын жедел әрі дәл бағалауға болады. Бұл әдістер кең ауқымды аумақтарды қамтуға мүмкіндік беріп қана қоймай, уақыт бойынша өзгерістерді бақылауға және деградация ошақтарын ерте кезеңде анықтауға жағдай жасайды. Сондықтан болашақта орман мониторингінің тиімді жүйесін қалыптастыру үшін цифрлық әдістерді тұрақты түрде енгізу қажет. Сексеуіл ормандарының тұрақтылығын арттыру мақсатында антропогендік қысымды төмендету бойынша нақты шараларды жүзеге асыру қажет. Атап айтқанда, мал жайылымын реттеу, орман алқаптарында қорғау режимін күшейту, заңсыз ағаш кесуді болдырмау және жергілікті халық арасында экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу маңызды болып табылады. Табиғи жаңару процесін ынталандыру үшін топырақтың ылғалдылығын сақтау, тұзденуды төмендету және жас өскіндерді қорғау шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс. Орман отырғы-

зу жұмыстары да ерекше назар аударуды талап етеді. Сексеуілдің жергілікті экологиялық жағдайларға бейімделген түрлерін пайдалану, отырғызу технологияларын жетілдіру және отырғызылған көшеттерге күтім жасау деңгейін арттыру орман алқаптарының қалпына келу тиімділігін арттырады. Бұл ретте ғылыми-зерттеу мекемелері мен орман шаруашылығы ұйымдарының өзара ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, сексеуіл ормандарының тұрақты жағдайын қамтамасыз ету үшін кешенді басқару стратегиясын енгізу аса маңызды. Мұндай стратегия табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық әртүрлілікті сақтау, топырақ эрозиясы мен шөлдену үрдістерін төмендету шараларын қамтуы тиіс. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі жағдайында сексеуіл ормандарының бейімделу қабілетін арттыру да өзекті мәселе болып табылады. Зерттеу нәтижелері негізінде сексеуіл ормандарын сақтау және қалпына келтіру бағытында кешенді шараларды жүзеге асырудың маңыздылығы айқындалды. Атап айтқанда, орман пайдалануды шектеу, қорғалатын аумақтарды кеңейту, экологиялық мониторингті күшейту және жергілікті халықты табиғатты қорғау шараларына тарту маңызды болып табылады. Сонымен қатар, ғылыми негізделген агротехникалық әдістерді қолдана отырып, жасанды орман отырғызу жұмыстарын жетілдіру қажет.

Далалық зерттеулер мен қашықтықтан зондтау деректерін біріктіре пайдалану сексеуіл ормандарының құрылымы мен динамикасын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ғылыми негізделген басқару шешімдерін қабылдауға, орман экожүйелерін тиімді қорғауға және қалпына келтіруге жағдай жасайды. Ұсынылған шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру Қызылорда облысының экологиялық тұрақтылығын нығайтып, жергілікті экожүйелердің қалпына келуін және ұзақ мерзімді экожүйелік қызметтердің сақталуын қамтамасыз етеді. Осылайша, сексеуіл ормандарының экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету тек табиғатты қорғау шараларымен ғана емес, сонымен қатар ғылыми негізделген басқару, заманауи технологияларды енгізу және қоғамның экологиялық жауапкершілігін арттыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтауға мүмкіндік береді.

REFERENCES

Akhmetov, R.S., Dosmanbetov, D., Rakhimzhanov, A., Mambetov, B., Utebekova, A., Rakymbekov, Z., Maisupova, B. & Yessimbek, B. (2023). Growth and development of the black saxaul depending on tillage in arid conditions of Kazakhstan // OnLine Journal of Biological Sciences. 23(3). 380–388. https://doi.org/10.3844/ojbsci.2023.380.388

Amirkhanov M.E., Zhakypbek Y., Tursbekov S.V. & Nurpeissova T.B. (2025). Comparative analysis of the state of desertification of the lands of West and East Kazakhstan // Engineering Journal of Satbayev University. https://doi.org/10.51301/ejsu.2025.i2.06

Bissenbayeva, S., Melisbek, S. & Baymukan, E. (2024). An overview of forest monitoring in Kazakhstan based on Earth observation // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. 147(2). 135–149. https://doi.org/10.32523/2616-6771-2024-147-2-135-149

Jiang, L., Bao, A., Jiapaer, G., Guo, H., Zheng, G., Gafforov, K., Kurban, A., & De Maeyer, P. (2019). Monitoring land sensitivity to desertification in Central Asia // Science of the Total Environment. 658. 669–683. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2018.12.152

Kusainova, M.D., Matsui, K., Watanabe, T. & Funakawa, S. (2023). Vliyanie svoystv pochv na rost iskusstvenno posazhennykh kustarnikovykh derev'yev chernogo saksaula (Haloxylon aphyllum) [The influence of soil properties on the growth of artificially planted black saxaul shrub trees] // Izdenister, natizheler – Issledovaniya, rezul'taty. https://doi.org/10.37884/1-2023/08 [in Russ.].

Li, S.-L., Werger, M.J.A., Zuidema, P.A., Yu, F.-H., & Dong, M. (2010). Seedling dynamics across dune fixation stages in desert steppe. Trees. 24(3). 515–521. https://doi.org/10.1007/s00468-010-0422-0

Land desertification and its influencing factors in Kazakhstan. (2020). Journal of Arid Environments. 180. Article 104203. https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2020.104203

Omirzak, N.Sh., Maisupova, B.Zh., Boranbay, Zh.T., Shaldybayeva, A.N., Yesmurzayeva, A.K., & Aitlesov, K.K. (2025). Kyzylorda oblysy aumagyndagy sekseuil ormandarynyn zhagdaiyn salystyrmaly bakylau [Comparative monitoring of the condition of saxaul forests in Kyzylorda region] Nauka i obrazovanie. https://doi.org/10.52578/2305-9397-2025-4-3-92-102 [in Kaz.].

Salmukhanbetova Z.K., Imanalinova A.A., Dimeyeva L.A. & Zverev N.E. (2021). State of saxaul plantations in Kazakhstan's section of the Aral Sea area // Central Asian Journal of Water Research. 7(1). 128–157. https://doi.org/10.29258/CAJWR/2020-R1.v7-1/128-157.eng

Tureniyazova, A.I., & Berdimbetov, T.T. (2024). Using GIS and remote sensing in the study of the influence of drought on changes in forest cover around the Aral Sea // Modern Science and Research. https://doi.org/10.5281/zenodo.15267813

Shamsutdinova, E.Z. (2019). The environmental forming and productional functions of Haloxylon aphyllum in the Karnabchul desert // Russian Agricultural Sciences. 2. 34–38. https://doi.org/10.31857/S2500-26272019234-38

Shamsutdinov Z.Sh., et al. (2018). The water regime of black saxaul in various environmental conditions of the Central Asian desert // Russian Journal of Ecology. 49(6). 475–483. https://doi.org/10.1134/S1067413618060115

Shamsutdinova, E., & Shamsutdinov, Z. (2022). Biological features and forage performance of black saxaul in the Central Asian desert. BIO Web of Conferences, 43, Article 01023. https://doi.org/10.1051/bioconf/20224301023

Yang, X., Wang, N., Chan, A., He, J., & Hua, T. (2025). Dynamic monitoring of ecological environmental quality in arid and semi-arid regions using remote sensing. Remote Sensing. 17(11). Article 1825. https://doi.org/10.3390/rs17111825

Zonn, I.S. & Kostianoy, A.G. (2014). The Aral Sea Encyclopedia. Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-642-02356-9

Өмірзақ Нұртөре Шлауынбекұлы – далалық деректерді жинау, эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, мәтінді жазу және редакциялау.

Утебекова Айнур Дуйсенбековна – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу ресурстарын қамтамасыз ету.

Майсупова Бағила Жылысбайқызы – ғылыми жетекшілік ету, тәжірибелік жұмыстарды орындау, далалық деректерді талдау, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан сипаттау.

Казангапова Нургуль Буркитбаевна – бастапқы деректерді жинау және жүйелеу, зерттеу материалдарын өңдеу.

Ли Киань – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, нәтижелерді талдау.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: https://journal.kaznaru.edu.kz/

30.10.2026 ж.